**Автор**: Көшкінбаева Жұлдызай Болатжанқызы
**Пән**: Математика
**Сынып**: 6-сынып
**Бөлім**: Қатынастар және пропорция
**Тақырып**: Шеңбердің ұзындығы. Дөңгелектің ауданы.

---

| | |
|---|---|
| Сабақ мақсаты | 1. Шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатысты тұрақты сан екенін білу, шеңбер ұзындығының және дөңгелек ауданының формуласын білу және қолдану.<br>2. Есеп шығаруда шеңбердің диаметрін радиус арқылы салыстыру;<br>3. Формуланы түрлендіре отырып, есептің тиімді жолын айқындау. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | 1. Ұйымдастыру кезеңі. Шаттық шеңбері оқушыларға сабақ басталмас бұрын психологиялық ахуал туғызу.<br>Ширату. Суреттер: Не болды? әдісі бойынша өткен тақырып бойынша суреттер көрсетіп, суретте не болып жатқанын және оның себебін түсіндіру қажет. Оқушыларды кеспе қағаздардағы түрлі –түсті түстер арқылы топқа бөлу. Түстері бірдей оқушылар бір топқа топтасады.<br>Жаңа сабақ .<br>«Бұл жауабы болса, онда сұрақ қандай болмақ?» 1.Шеңбердің ұзындығы саны мен шеңбер диаметрінің …….. тең. 2.Дөңгелектің ауданы оның радиусының ….. мен -дің көбейтіндісіне тең. 3. Шеңбер- барлық …. қайсыбір О нүктесінен бірдей қашықтықта жататын тұйық сызық. 4. -дің жуық мәні неге тең? 5. Жазықтықта шеңбермен шектелген және центрі бар бөлігі …. аталады.<br>1-тапсырма<br><br><br>«Интервью әдісі» арқылы оқушылардың жұппен есеп шығаруда ілтипатпен, ынтымақтасық, қарыс –қатынаста бір-біріне зер сала отырып, әңгіме немесе пікірін анықтау үшін қолданылады.<br>Жасырын дорба<br>1. Радиусы 5см, 3,5м; 12 мм болатын шеңбердің ұзындығын табыңдар.<br>2. Ұзындығы 56 см; 7м; 18,6м болатын шеңбердің радиусын табыңдар.<br>3. Радиусы 6см; 12м; 3,5см болатын дөңгелектің ауданын есептеңдер.<br>4.Ауданы 314 ; 12,56 ; 78,5 болатын дөңгелектің радиусын табыңдар.<br>5. Цирк алаңының диамерті 13 м болса, онда цирк алаңының ауданын тап?<br>2-тапсырма: «Иә-жоқ» әдісі ақпарат алу үшін, оқушыларға сұрақ қойып, «иә», «жоқ» деп жауап беру арқылы кестені толтырыңдар:<br><br>№ Тапсырма<br>формула иә жоқ<br>1 Радиусы R –ге тең шеңбер ұзындығының формуласы<br>2 Диаметрі d-ға тең шеңбердің ұзындығының формуласы.<br>3 Радиусы R –ге тең дөңгелек ауданының формуласы<br>4 Диаметрі d-ға тең дөңгелектің ауданының формуласы<br>Өмірден мысал келтірейік:<br>5e05ed0c7d448.png Image not found or type unknown | |